

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ						
Білім беру ұйымы	«Әсем»бөбекжай балабақша					
Топ	Ортаңғы топ					
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Еркетай» Бала саны 25					
Балалардың жасы	3-4 жасар балалар					
Педагогтің аты-жөні	Мұсақова Ұлбике					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.10-28.10.2022ж.					
Апта күндері	Сенбі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі						
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді					

	дамыту)					
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	"Неліктен балалар әртүрлі?" тақырыбында әңгімелесу; ата-аналардың мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру. Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Үстел үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны-аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту.			"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыруға, шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүрту.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды өсімдіктерді суару, жемсалғышты, астауды, көкөністерді жуу; астауға су құю және дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Балаларды сумен жұмыс жасағанда гигиеналық дағдыларды сақтауға үйрету: жеңдерінді түріндер, матаны сулап, құрғатындар, лас болған кезде шайындар. Сумен жұмыс кезінде еңбек дағдылары мен әдеттерін, ұқыптылығын дамыту.
	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.			"Құс қайда?" дидактикалық ойыны. Мақсаты:	"Бұлттар мен құстар" саусақ жаттығуы, жаңылтпаш.	Саусақ жаттығуы. Мақсаты: балаларды

	Мақсаты: белгілі бір ерекшеліктеріне қарай құстарды суреттеуге үйрету және оларды ажырата білу. "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу.			қыстайтын құстар мен қоныс аударатын құстарды тану, оларды дұрыс атай білу қабілеттерін қалыптастыру. "Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсаты: түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктердің түсі бойынша топтастыруға, әдемі гүлшоқтарын жасауға үйрету. Барысы: үстелде әртүрлі пішіндегі түрлі-түсті	Мақсаты: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған қимылдарды, қолдарды жоғары	қимылдарды мәтін жолдарына сай орындауға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын, елестету, ойлау қабілетін дамыту. Шаршы бұрышын құрайық, Саусақ ұштарын қосайық. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Бір, екі, үш, төрт. Төрт бұрыштар жиналып, Бір пішінге құрылды. Үстел үсті ойыны: "Суретті құрастыр". Мақсаты: бөлшектерден тұтас бір бөлікті құрастыруды
--	---	--	--	---	--	--

	Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары.			жапырақшалары тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жапырақшаларын таңдап, олардың түсін атайды және таңдалған жапырақшаларға түсі бойынша және пішіні бойынша сәйкес келетін гүлді табады.	көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды. Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. "Лото "Құстар"" үстел ойыны. Мақсаты: құстарды	дағдыландыру; балалардың қабылдауын, байқағыштығын, ойлау қабілеттерін дамыту.
--	---	--	--	--	---	---

					топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы құстардың суреттері бойынша.	
Таңертенгі жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Б.қ. тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде, 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 б.қ. Аяқ алшақ, қуыршақ алда, 1-2 денені оңға, солға бұру, б.қ. келу. Б.қ. қуыршақты кеудеде ұстау, 1-4 алға еңкею - "Қуыршақтар билейді". 5-6 б.қ. келу (3рет). Б.қ. 1-2- отырып қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс					

	қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай баппен іш. Келген асты алдына Тауысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадағалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Артығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: әр мезгілдің белгілері туралы білімдерін, өз ойларын нақты жеткізе білу қабілеттерін нығайту; есту зейінін дамыту. Барысы: педагог мезгілді: "Күз" деп атайды. Содан кейін ол жыл мезгілдерінің белгілерін тізбектейді			Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен оқу қызметіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел достарым, келіндер, Қолдарыңды	"Біздің жердің құстары" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға біздің жердің қыстайтын және жыл құстары, олардың әдеттері, сыртқы түрі, қоректенуі, тіршілік ету ортасы туралы жалпылама түсінік қалыптастыру; құстарды сыртқы түріне қарай ажыратып,	"Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтыру; жыл құстары мен қыстайтын құстарды бір-бірінен ажырату іскерліктерін жетілдіру. Барысы: балаларға жыл құстары және қыстайтын құстар бейнеленген

	(кұстар жылы жаққа қарай ұшады, ағаштарда жапырақтар сарғайады; үлпілдек ақ қар жауады). Балалар қосымша белгіні атайды және өз таңдауын түсіндіреді.			беріндер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер. Шақырамын сендерді, Жолдастарым кел бері, Толтырайық шаттыққа, Дөңгеленген шеңберді.	суреттерден таба білуге үйрету; туған жердің табиғатына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	суреттер ұсынылады. Магниттің көмегімен олар жыл құстарын магниттік тақтаның бір жағына, ал қыстайтын құстарды екінші жағына жапсырады.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Торғай секілді секіреміз". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүру іскерліктерін жетілдіру; алға жылжи отырып,			Музыка "Торғай". Мақсаты. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту мен қабылдау қабілетін және зейінін дамыту; музыка әуенімен би қимылдарын	Дене шынықтыру "Жомарт қораз". Мақсаты. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін	Жапсырудан ойын-жаттығу "Торғайды жаңбырдан жасырайық". Мақсаты. Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып,

	екі аяғымен секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату дағдыларын бекіту. "Допты қуып жетіндер!" қимылды ойыны. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ұшты-ұшты жаттығуы. Тілдің дыбыстық мәдениеті. [ш] дыбысы." Мақсаты. Балаларды [ш] дыбысының айтылу мәдениетіне үйрету; әңгімелесу, ойындар барысында жыл			үйлесімді орындауға дағдыландыру. "Тоқылдақ" ойыны.	жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысына үйрету. "Қоян" қимылды ойыны.	жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік аппликация үлгісін жасауға үйрету. Саусақ жаттығуы.
--	---	--	--	---	--	--

	құстарының атауын атап, күз мезгілінде жылы жаққа ұшу құбылысы жөнінде мағлұматтар беру. Сөздік жаттығу. "Есте не сақтадық?".					
2- таңғы ас	"Ас тұрған жерде - ауру тұрмайды" мақал-мәтелін қайталап, уақытылы, әрі дұрыс тамақтанудың артықшылықтарын еске түсіру; дастарқан басында арқаларын көтеріп тік отыру керектігін ескерту; ас құралдарын дұрыс қолдануларын қадағалау; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.					
Серуен	Ағаштар мен бұталарды бақылау. Мақсаты: ағаштар мен бұталардың тірі табиғат екені туралы білімдерін бекіту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.			Құстарды бақылау (көгершін). Мақсаты: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы	Құстарды бақылау (қарлығаш). Мақсаты: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы	Құстарды бақылау (торғай). Мақсаты: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы

	Ағаштар қыста қалай қыстап шыққандығын тексеру. Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, ағаштарға қарап, қандай екенін айтуға болады? - Тағы қандай өзгерістер болады? - Ағаштар ауаның ластануынан ауаны тазалайды. Сондықтан адамдар ағаштарды көп отырғызады. «Өз ағашыңды тап» қимылды ойыны. Мақсаты: табиғатты аялауға тәрбиелеу; кеңістікті			мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін;	мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да	мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық
--	---	--	--	--	--	---

	бағдарлауға машықтандыру; зерек болуға тәрбиелеу. "Допты қуып жетіндер!" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балалардың доппен ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру; допты тура бағытта домалатып, оны қуып жете білуге дағдыландыру; шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу; достыққа тәрбиелеу. Педагог балаларды екі топқа бөліп, түзу сызықтың бойына тұрғызып, қай			дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй жануарларының және мекендерінің суреттері. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта-қоқыстарды жинау. Мақсаты: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа	ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді. Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады. Еңбек әрекеті: гүлді баптау, топырағын қопсыту. Мақсаты: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. "Жапалақ"	және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады.
--	---	--	--	--	--	--

	баланың атын атайды, сол бала педагог домалатып жіберген допты тез қуып жетіп, келесі кезекте тұрған балаға береді. 2-3 балаға дейін атап шақыруға болады. Еңбек әрекеті: өскіндері суару. Мақсаты: балаларда қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Балалардың еркін ойындары.			тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша	қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар"	Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска.
--	---	--	--	--	--	--

				"шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. "Допты қақпаға домалат" жаттығуы.	болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды".	"Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. Мақсаты: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсаты:
--	--	--	--	--	---	---

				Мақсаты: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. Балалардың еркін ойыны.	Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. Мақсаты: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойыны.	балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Балалардың еркін ойындары.
--	--	--	--	---	---	--

Серуеннен оралу	Балалардың бас киімін, шалбарын, түймелері ағытылған жейдесін, бәтеңкесін белгілі ретпен шешуі; киімдерін жүйелі шешуге дағдыландыру; киімдерін шкаф сөрелеріне орналастыру; қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Түскі ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсаты: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу; (мәдени-гигиеналық дағдылар)					

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	"Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру). Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. Ас ішерде күнде біз Сөйлемейміз күлмейміз Астан басқа өзгені Елемейміз, білмейміз (мәдени-гигиеналық дағдылар)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Ақ үйрек, сары үйрек". Мақсаты. Балалардың "зат біреу немесе көп" деген өлшем бірліктерін, сол және оң жақты, түстерді ажырату іскерліктерін жетілдіру, құстарды топтастыру, бөлу операцияларын			Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Құстар неге сөйлемейді?" Мақсаты. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, құстардың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; ертегіні тыңдау кезінде әр құстың	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Қарлығаш". Мақсаты. Балаларды қарлығаштың сыртқы келбетімен таныстыра отырып, қарлығаш туралы түсініктерін кеңейту; қарлығаштың тіршілігін	Сурет салудан ойын-жаттығу "Көлде жүзген үйрек". Мақсаты. Балаларды көлде жүзіп жүрген үйректің айналасына қағаз бойымен көлденең созылған, бірнеше көк түсті ұзын толқынды жолақтарды салу амалымен таныстыру; жыл

	пысықтау; есте сақтау, кеңістікте бағдарлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ойды дамыту. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Балапанды тауып алайық". "Құстарды сұлбасы бойынша таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың қыстайтын және жыл құстары туралы білімдерін бекітуге үлес қосу, сұлбасы бойынша құстарды тани білуге			өзіндік қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдай білуге үйрету. "Жыл құстарын тап" ойыны. "Кім не жейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: құстардың қоректенуі туралы балалардың білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстарының айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі	бақылау қабілетін қалыптастыру; жыл құстары туралы түсінік беру. Қарлығаш туралы көркем сөздер арқылы балалардың қабілеті мен зейінін, тілі мен ойлау қабілетін және тануға, білуге деген құштарлығын дамыту. "Қандай құс?" дидактикалық ойыны. "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке	құстары жөнінде мағлұматтарды толықтыру. Саусақ жаттығуы. «Балапан»." Серуендеуге барайық" сюжетті-рөлді ойыны. Мақсаты: балаларда әр мезгілге арналған киімдерді таңдау қабілеттерін дамыту, киім элементтерін дұрыс атауға үйрету, "киім", "аяқ киім" туралы жалпыланған ұғымдарды бекіту, өзгелерге деген қамқорлық қатынасты тәрбиелеу.
--	---	--	--	--	--	---

	машықтандыру. Барысы: балаларға құстардың сұлбасы ұсынылады. Балалар құстарды анықтап, оларды жыл құстары немесе қыстайтын құс деп атайды.			шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына азық-түлік бөлу. "Жұмбақтардың шешімін табу". Мақсаты.Құстарға байланысты жұмбақтар жасыру, балалардың ойлау қабілетін дамыту.	орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. "Үш аю" ертегісін баяндау. Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті	
--	--	--	--	---	---	--

					моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету.	
Балалармен жеке жұмыс	Жаңылтпаштар айтқызу. Атам бақ аралады, Ағам тал аралады. Асан көл жағалады, Асыл ат тағалады. Шырағым шұбат іш, Шұбатты сұрап іш. Шұбатты ішпесең, Бітпейді бұла күш.			Артикуляциялық жаттығулар. Мақсаты. Артикуляциялық жаттығу арқылы баланың сөйлеуін, тілін, дыбысты дұрыс дыбыстауын дамыту.	Жаңылтпаштар айтқызу. Қулық таудан, Қулық бие көрдім. Қуанғаным, құлындапты, Қулық таудың Қойнауындағы Қорқауларға ұрынбапты. Сырттағы ит үрді, Сырттан кісі кірді. Сырттағы біреу, Сыпырып кетті кірді.	Бала тілін дамыту. "Сауысқан" (ел аузынан) Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қикаңдатқан сауысқан.

Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Допты домалат", "Құрсауды дөңгелет" (3-4 рет ойнатылады).					
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балалардың өздері құрастырған ертегісін тыңдау. Логикалық ойындар. Еркін рөлдік ойындар. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: қызығушылыққа, жанашырлыққа тәрбиелеу; сөйлеуді дамыту. Барысы: балаларға құстарға не жетіспейтінін айту керек." (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөзді қайталау)					
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Отбасымен серуендеу" атты тақырыбында көрме ұйымдастыру.			Ата-аналарға тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы туралы ақпарат беру.	"Музыка және балалардың психикалық денсаулығы" тақырыбында әңгімелесу, кеңестер беру.	"Баланың жүйке жүйесін қорғаңыз" тақырыбында әңгімелесу.

Әдіскер:

А.А.Сулейменова